

Бөрлі ауданы Қарағанды ауылдық округі Киров ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Қарағанды ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 қыркүйекте № 4027 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Киров ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарағанды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі ауданы Қарағанды ауылдық округі Киров ауылындағы кейбір көше атаулары:

- "Степная" көшесі – "Атамекен" көшесі;
- "Буденного" көшесі – "Бейбітшілік" көшесі;
- "Чапаев" көшесі – "Халықтар Достығы" көшесі;
- "Киров" көшесі – "Жеңіс" көшесі;
- "Плясункова" көшесі – "Ақжол" көшесі;
- "Крупская" көшесі – "Абай" көшесі;
- "Коммунистическая" көшесі – "Ақжайық" көшесі;
- "Речная" көшесі – "Жағалау" көшесі;
- "Почтовая" көшесі – "Мәңгілік ел" көшесі;
- "Больничная" көшесі – "Тәуелсіздік" көшесі;
- "Колхозная" көшесі – "Бірлік" көшесі;
- "Комсомольская" көшесі – "Желтоқсан" көшесі;
- "Казахстанская" көшесі – "Қазақстан" көшесі;
- "Карагандинская" көшесі – "Қарағанды" көшесі деп қайта аталсын.

2. Қарағанды ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Б. Сагидулина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК